

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№3 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/NCYE9704>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/STFJ3548>***М. Т. Джакыпбекова¹, Ш. А. Кыяхметова², Р. О. Асыллова³**^{1,2,3}І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,

Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.

*e-mail: Mamilya_72@mail.ru¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6375-5257>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9886-471X>³ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6157-4698>

I. ЖАНСҮГІРОВТІҢ «ҚАЗАҚ ҮЙДІҢ ТҰРМЫСЫ» ӨЛЕҢІНДЕГІ ЭТНОГРАФИЗМДЕР

Мақалада I. Жансүгіровтің этнографиялық туындысы «Қазақ үйдің тұрмысы» өлеңіндегі этнографиялық атаулардың сандық деректері келтіріліп, этнографизмдер алғаш рет тақырыптық жағынан топтастырылып, ұлттық мәдениеттің ерекшеліктері тұрғысынан талдау жасалды. Қазақ тұрмысына орай қолданылатын этнографизмдердің ұлттық-мәдени компоненті анықталды. Мақалада халықтың материалдық және рухани өмірінің объектілерін немесе құбылыстарын білдіретін, ұлттық, тарихи және уақыттық болмысты көрсететін, айқын коннотативтік мағынасы бар, тілдік баламасы жоқ атаулар нысанға алынды. Өлеңде халықтың тұрмыс-тіршілігін, болмысын, оның дәстүрі мен наным-сенімін, дүниетанымдық ерекшеліктері мен құндылықтар жүйесін суреттеу үшін ақынның 176 этномәдени атау қолданғаны анықталып, атауларды өлең ырғағына, ұйқасына тиімді орайластырған ақынның тіл шеберлігі мен этнокөркемдік ойлауы талданды. I. Жансүгіров өлеңіндегі этнографизмдерді тақырыптық жағынан топтастырып жүйелеу көркем этнография мен ұлттық этноментальдық аясында жанрдың даму динамикасын көрсетуге мүмкіндік береді. Ілияс Жансүгіров шығармаларын этнопоэтикалық тұрғыда зерттеу халықтың әлеуметтік, материалдық, рухани, этикалық және эстетикалық мәдениетін жаңғыртудағы маңызын айқындап, оның этноменталитеті, екінші жағынан, көркем этнография негізінде әдеби-көркем мәтін жасаудағы шебірлік қырын жаңа контексте қарастыруға негіз болады.

Кілтті сөздер: қазақ үй, этномәдени атау, этнографизм, этнографиялық лексика, мәдениет.

Кіріспе

Әр халықтың өзіне тән рухани-мәдени байлығы, мұрасы бар. Ол белгілі бір ұлттың ғана емес, сонымен бірге сол ұлттың тілінің дамуына үлкен із қалдыра отырып, көптеген ғасырлар бойы толықтырылып отырады. Әрбір мәдениеттің бірегейлігі олардың тілдерінің лексикалық қабатында көрінеді. Белгілі бір халыққа ғана тән қандай да бір құбылыстардың ана тілінде өзіндік ерекше атаулары болады. Әрбір тілдің басқа тілдерде көрінбейтін арнайы лексика жиынтығы болады. Бұл басқа тілдерде тұрақты семантикалық сәйкестіктері жоқ сөздер тобы. Демек, «эквивалентті емес лексика» ұғымы белгілі бір материалдық және рухани мәдениеттің сөзде бейнеленуі. Демек, мұндай сөздер семантиканың ұлттық-мәдени ерекшелігімен сипатталады. Оған этнографизмдер жатады.

Этнографизмдер деп эквивалентсіз лексиканы, басқа тілде толық немесе ішінара лексикалық баламалары жоқ сөздерді айтады. Этнография дегеніміз – этнографиялық белгілердің, сипаттамалардың, детальдардың кез келген жерде болуы. Бұл сөздер немесе өрнектер белгілі бір этникалық топқа тән, олар басқа тілде өз аналогтарын таба алмайды. Этнографтар бұл саланы халықтың материалдық және рухани мәдениетінің, әдет-ғұрпы мен дәстүрінің этникалық ерекшеліктерін сипаттау үшін қарастырады. Тіл мамандары фольклористер мен этнографтардың ғылыми зерттеу нәтижелеріне жүгіну керек. Керісінше, соңғысы, өз кезегінде, осы білім салаларының жалпы объектісін зерттеу кезінде тіл мамандары алған ақпаратқа сүйену керек. Басқаша айтқанда, этностың материалдық және рухани мәдениеті туралы тілдік мәліметтерді жинақтаған этнографиялық лексика осы мұраны этнолингвистикалық тұрғыдан түсінудің, оны барынша сипаттап, қайта жаңғыртудың құнды көзі қызметін атқарады. Міне, осы негізде тіл білімі мен этнография мәселелерінің арасындағы терең ішкі байланыс ашылады. Этнограф-ғалым А.Сейдімбек: «Кез келген дәстүрлі мәдениеттің өз болмысынан ғана туындайтын бағыттаушылық, ұйымдастырушылық, үйлестірушілік мәні бар. Сондықтан да этностар мәдениетінің парқы өзара салғастырудан немесе бір-бірімен өрелестіруден гөрі, әрқайсысын дара феномен ретінде саралап тануды қажет етеді», – дейді [1, 74-б.].

Халықтың мәдениеті, ұлттық менталитеті, ұлттық санасы І. Жансүгіров шығармаларында көп суреттелген. Бұған ақынның поэзиялық шығармаларында қызмет ететін мәдени концепциялар дәлел. Көркем мәтінде ұшырасатын мәдени концепциялардағы қазақтың ұлттық танымы сол тілде сөйлеушілердің жалпы дүниетанымын бейнелеп көрсетеді. Тіл шындықты

қабылдаудың этникалық ерекшеліктерін барынша сипаттап жеткізеді. «Тіл – мәдениет айнасы, онда адам айналасындағы шынайы өмір мен оның өмірінің шынайы шарттары ғана емес, сонымен қатар халықтың қоғамдық санасы мен менталитеті, өмір сүру салты, дәстүр-салты, мораль, құндылықтар жүйесі, әлемді сезінуі және түйсінуі қамтылған» [2]. Дүниенің тілдік бейнесіндегі мәдени концепцияларды көркем мәтіндер материалы бойынша зерттеу халқымыздың рухани мәдениеттің бір қыры болып табылатын мәдениет бейнесі ретіндегі ойлау стилінің этникалық ерекшеліктерін анықтауға көмектеседі.

Материалдар мен әдістер

Зерттеуде жинақталған материалды жіктеу және жалпылау, салыстырмалы әдіс, компоненттік және лингвистикалық және мәдени талдауды қамтитын сипаттамалық әдіс қолданылды, бұл өз кезегінде көркем мәтін бірліктерін талдауды көздейді. Салыстырмалы зерттеу әдісі арқылы лексикалық мағынаның ұлттық-мәдени ерекшелігі анықталды. Бұл зерттеу әдісі ұлттық-мәдени ерекшеліктердің тілдің барлық деңгейіне тән екенін, бірақ оның лексикалық деңгейінде барынша айқын көрінетінін көрсетті. І. Жансүгіров өлеңіндегі этнографизмдерге көркемдік талдау жасау көркем этнография мен ұлттық этноментальдық аясында жанрдың даму динамикасын көрсетуге мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақ халқының материалдық және рухани мәдениетіне, тұрмыс ерекшеліктеріне, әдет-ғұрыптарына сипаттама беру үшін Е. Н. Жанпейісов «этномәдени лексика» терминін қолданды. Ю. В. Бромлидің анықтамасына сілтеме жасай отырып: «Этникалық қасиеттердің, жалпы мәдениеттің этникалық қабатының негізгі тасымалдаушысы – күнделікті сана, күнделікті тіл және дәстүрлі тұрмыстық мәдениет. Демек, этнографияның пәндік саласы белгілі бір дәрежеде этникалық сәйкестікке ие этностың барлық компоненттерін қамтиды», – деп Е. Н. Жанпейісов бұл терминге мынадай анықтама береді: «...этностың бұл компоненттері ауызша қарым-қатынас арқылы жүзеге асады, олар бірігіп оның этномәдени лексикасын құрайды». Ғалым «Қазақ ескіліктері» деген еңбегінде тіл мен мәдениеттің байланысын заттық мәдениет сипатындағы лексикалық бірліктердің семантикасын ашу арқылы дәйектейді [3].

Тағы бір зерттеуші Р. Г. Ахметьянов табиғи құбылыстарды атайтын сөздерді этномәдени лексикаға жатқызып, материалдық және рухани мәдениет құбылыстарын бейнелейтін сөздік құрамды бес топқа бөліп жіктейді: 1) туыстық және отбасылық қатынастар терминдері; 2) қоғамдық қатынастардың шарттары; 3) адамдардың рухани өміріне (музыка, өнер, ойын-сауық), оқуға, тәрбиеге байланысты сөздер; 4) қоғамдық қатынастар мен

құндылықтар жүйесіндегі адамдарды сипаттайтын сөздер; 5) мифологияға, фольклорға, салт-дәстүрге қатысты сөздер. Көріп отырғанымыздай, автор этномәдени лексиканы халық мәдениетінің даму барысын, қоғамдық және рухани өміріндегі өзгерістерді бейнелейтін сөздер деп атайды [4, 158-б.]. Осыдан «этнографиялық лексика» терминдерінің «этомәдени лексика» деген синонимі пайда болады.

Лингвистикалық әдебиеттерде халықтық салт-дәстүр, әдет-ғұрып ұғымдары көрініс тапқан сөздер мен сөз тіркестерін этнографизмдер деп атайды. М. Хаммерсли мен П. Аткинсон «...этнографияның нақты, стандартты анықталған мағынасының болмауын тарихының күрделі болуымен байланыстырады» [5, 17-б.]. Халықтық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, наным-сенімдер әр халықтың рухани-әлеуметтік және әлеуметтік-экономикалық өмірінде терең тамырлас болғандықтан, олар жалпы алғанда белгілі бір халықтың ұлттық ерекшеліктерін, мінез-құлқын, жан-дүниесін айқынырақ көрсетеді. Сондықтан, «этнографиялық лексика» және «этнография» терминдерін қатар қолдану заңдылық. «Этнография күрделі әлеуметтік мәселелерді эмпирикалық тұрғыдан бай зерттеуге мүмкіндік береді, әлеуметтік саясаттағы қайшылықтарды ашады, адам қызметінің әртүрлі масштабындағы өзгерістерді ескереді және теорияны практикаға айналдыруға көмектеседі» [6, 5-б.].

Мәдениет – адамзат туындысы. Ал мәдениет адамның рухани іс-әрекетінің символдық белгілері ретінде мәтіннің өн бойында өмір сүреді. Көркем мәтін – мәдениеттің жаны, әрине, тілдің ажырамас бөлігі. Өйткені, мәтіннен тыс сөйлеушілер бірде-бір тіл бірлігін пайдаланбайды. Мәтін – сөздерді, сөйлемдерді және тілдің басқа бірліктерін танытатын алаңы. Мәтін тіл мен мәдениеттің оңтайлы бірлігін білдіреді, демек, лингвомәдени зерттеулердің оңтайлы шарттары болып табылды.

Көркем және ауызша мәтінде тіл мен мәдениет бастапқыда оларда қалыптасқан коммуникативтілікті, ал коммуникация – белгілі бір халықтың мәдениетімен, тілімен, болмысымен, дәстүрмен, өнермен, сезім әлемімен, өмір шындығымен, ұлттық менталитетпен ажырамас байланысты көрсетеді [7, 139-б.].

Кез келген мәтіннің, халық өнері туындыларын қоспағанда артында автор, белгілі бір тілдік тұлға тұр, ол да өз заманының туындысы, сонымен бірге тіл мен мәдениеттің тасымалдаушысы. Сонымен, туынды тек әлеуметтік-мәдени жағдайды ғана емес, сонымен бірге оны жасаған тұлғаның мәдени кеңістігін, концепциялық сферасын, дүниесінің тілдік суретін көрсетеді. Мәтінде және мәтін арқылы автордың тұлғасы ерекшеленеді. Сонымен бірге автор тұлғасы арқылы осы тұлға өкілі болып табылатын халықтың ұғым аясы, танымдық негізі (негізгі ұғымдар, танымдар), өмір

салты, тарихы, салт-дәстүрі мен мәдениеті ашылады және оның мазмұны ашылады.

Ақынның өзіндік ұлттық ерекшеліктері оның тілдік болмысынан да көрінеді. Демек, І. Жансүгіровтің тілдік тұлғасының бір қыры ретіндегі ұлттық-мәдени ерекше мәнге ие эквивалентті емес лексиксын зерттеу оның шығармашылық лабораториясын неғұрлым толық талдау үшін қажет және ақынның тілі мен оның дүниетанымы арасындағы қосымша себептік байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді. Ақынның «Қазақ үйдің тұрмысы», «Ескі күн», «Беташар», «Сабын», «Саптыаяқ», «Көші-қон», «Бөбек бөлеу», «Ұршық» және т.б. этнографиялық өлеңдері бар. Ақынның «Қазақ үйдің тұрмысы» өлеңі оның алғашқы жинақтарына («Сағанақ», (Қызылорда, 1928), «Жаңа жыр» (Қызылорда, 1930), «Өлеңдерінің толық жинағы» 1,2 том (Семей, 1933) енген. Кейінгі шыққан жинақтарында да («Алты томдық шығармалар жинағы» (Алматы, 1964), «Бес томдық шығармалар жинағы» (Алматы, 1986) жарияланбаған. Алғаш рет 2004 жылы жарық көрген «Көп томдық шығармалар жинағының» 1-томында жарияланған, онда өлеңнің 1915–1916 жылдары жазылғандығы көрсетілген.

«Қазақ үйдің тұрмысы» – таза этнографиялық туынды, өлең 42 жолдан тұрады, өлеңнің құдіреттілігі сол, өлеңнің көлемі шағын болғанымен, өлең мазмұнында қазақтың тұрмысын сипаттайтын 176 атау қолданылған. Ақын атауларды тек тізбектеп қана емес, тұрмыстағы қолданысына қарай топтастырып, әр жолға мағыналық жағынан үйлестіріп, өлең құрылысының заңдылығына бағындырып, ұйқасын орайластырып берген. «Қазақ ру тайпалары атауларының заттық негізі саналатын дүние-бұйымдарды іштей жіктеп, тақырыптық-мағыналық топтарға бөліп қарайтын болсақ, олардың көпшілігі көне наным-сенім бойынша үй-тұрмысқа қажетті, киелі, қасиетті кәделі саналатын заттардан тұратынын көреміз», – дейді академик Ә. Қайдар [8, 543-б.]. Өлеңнің соңғы екі тармағын ақын:

Басқа түрлі жабдығын санай алмай,

Сыртқы үзігін көрмекке кеттім шығып [9, 53–54-бб.], - деп аяқтайды. Әлі де ақын өлеңіне енбей қалған атаудың бар екенін ақын «түрлі жабдығын санай алмағандығымен» аңғартады.

Ақ үйге алты қанат келсем кіріп,

Босаға, маңдайша мен табалдырық,

Кереге алты жапсар, алпыс уық,

Шаңырақ, күлдіреуіш оған жуық.

Құр, таңғыш, басқұр, арқан екі аяқ бау,

Төрт ірге, есік жабық, ши, туырлық [9, 53-б.], -

деп басталатын өлеңнің алғашқы жолдары қазақтың киіз үйін сипаттауға арналған. Киіз үй керегесінің санына қарай төрт, алты, сегіз, он екі, он төрт

қанаттан тұратынын ескерсек, алты қанатты үйдің өзі «ақ үй», дәулетті адамның үйі болып есептелген. Ерекше құнды өмір салты бар халқымыздың тіршілігін оның дәстүрлі баспанасы – киіз үйсіз елестету мүмкін емес.

Өлеңде ұлттық-мәдени ерекше мағынаға ие **176** лексикалық бірлік тақырыптық топтарға бөлінді. Соның бірі: **1. Киіз үй жабдықтарынан 23 атау келтірілген:** *алты қанат ақ үй, босаға, маңдайша, табалдырық, кереге, уық, шаңырақ, күлдіреуіш, құр, таңғыш, басқұр, арқан, бау, төрт ірге, есік, ши, туырлық, белдеу, желбау, түндік, бақан, сырық, дөдеге*. Өлеңде «төрт ірге» деген атау бар. Киіз үйдің ішіндегі әр орынның символдық атауына қарай үлкен философиялық мәні бар екенін ескерсек, ақынның «төрт ірге» деп отырғаны киіз үйдің оң жағы, сол жағы, төрі мен босағасы (есік жағы).

«Шаңырақ, күлдіреуіш оған жуық» дегенде, күлдіреуіш оның негізгі бөлшегі екенін «оған жуық» деп сипаттайды. Шаңырақтың символдық мәні бар. Бұл үйдің, ошақтың, ұрпақтың белгісі. Өлеңде киіз үйдің ішіндегі бау атаулары да кездеседі: «Он бес бау, ішкі - сыртқы белдеу, желбау». «Он бес» деп саны аталғанымен, сол баулардың ішіндегі ең негізгі «ішкі – сыртқы белдеу, желбау» деп екі баудың ғана аты келтірілген. Ғалым Г. Исаева киіз үй жабдығының ішінде «бау-шудың рөлі айрықша» деп оны үшке бөліп, 26-ға жуық бау атауын санамалап көрсетеді [10]. Ақын өлеңінде туырлықты сыртынан айналдыра буатын арқан «белдеу» мен шаңырақты тартып байлайтын «желбау» арқан түрі келтірген.

Өлеңде киіз үй сипатынан кейін үй ішіндегі бұйым атаулары, тұрмыста және шаруашылықта қолданылатын заттар, ұлттық тағам атаулары, ұлттық киім атаулары тізбектеліп беріледі: **2. Киіз үйде тұтылатын бұйымдар (8 атау):** *тұс киіз, көрпе, шай шымылдық, текемет, жастық, кілем, сырмақ, алаша*. **3. Үй жиһаздары (11 атау):** *үстел, сандық, кебеже, адалбақан, қазан, ошақ, орындық, жүкаяқ, шкаф, жәшік, шамдал*. **4. Ыдыс-аяқ атаулары (23 атау):** *самаурын, кесе, шәйнек, шәугім, патнос, шелек, мосы, шылапшын, аяқ, қасық, тәрелке, ожау, шөміш, саба, торсық, тұз баспағы, дастарқан, тұтқыш, қырғы, көнек, кепсер, қақпақ, саптаяқ*. Өлеңде «қырғы көнек» тіркес түрінде берілген, мүмкін басылымда арасындағы үтір түсіп қалған болуы мүмкін. Себебі тұрмыста екеуі екі түрлі зат атауын білдіреді, «көнек» мал терісінен жасалған бие саууға арналған ыдыс түрі болса, «қырғы» затты қыру үшін қолданылатын темір құрал атауы. В. Радловтың сөздігінде ол кейбір түркі тілдерінде қырғы әрі «пышак», әрі «қайшы» мағынасында қолданылғандығы туралы дерек келтіріледі [11]. **5. Тұрмыста қолданылатын зат атаулары (6 атау):** *тарақ, айна, сабын, сақар, сытыртқы, сүлгі орамал*. Тілімізде «сақар» сөзі екі мағынада, сабын жасайтын ұнтақ және ораза кезінде таңғы сәресі мағынасында қолданылады. Өлеңде сабын мағынасында

қолданыс тапқан. **6. Құрал атаулары (28 атау):** ұстара, қайрақ, пышақ, ұршық, біз, балға, көсеу, қап, ине, жіп, келі, келсап, аша, күрек, үскі, кілт, шаппашот, балта, машина, кергіш, қайшы, ілгек, құлып, ілгек, шалғы, орақ, бұрғы, қашау. Мұндағы «шаппашот» «балташоттың» қосымша атауы, ол әрі балта, әрі балға орнына қолданылатын құрал. **7. «Қазақтың материалдық мәдениетінде киіз үйден кейін ерекше көңіл бөлінетін – аттың «ер тұрман» аталатын әбзел саймандары»** [12, 134-б.]. **Ат әбзелдері (10 атау):** ер - тоқым, жүген, тартпа, айыл, қамшы, құйысқан, үзеңгі, ішпек, өмілдірік, аяққап. **8. Ұлттық тағам атаулары (18 атау):** айран, ұйтқы, ашытқы, көже, саумал, ұн, тары, бидай, сұлы, сұр мен шұжық, ірімшік, қоспа, май, қымыз, құрт, қант, қағаз шай. **9. Малдың түгінен алынатын өнім атаулары (3 атау):** жүн-жұбыр, қыбыр, тері-терсек. **10. Мал күтіміне қатысты қолданылатын атаулар (6 атау):** ат қалта нөқта, бұйда, желі арқан, көген, тоқпақ, жылқы құрық. **11. Адамның жеке қолданатын заттары (8 атау):** сағат, қалам, қағаз, дорба, сауыт, насыбай шелек, шақша, асық. «Сауыт» сөзі тілімізде батырлардың жаудан қорғанатын қорғанышы және шұңғыл ыдыс мағынасында қолданылады. Өлеңде сауыт «қалам» деген сөзбен қатарлас келгендіктен, «сыя сауыт» мағынасында қолданылған. Өлеңде «насыбай шелек» деген тіркес қолданылады. Сөздікте «насыбай челек» насыбай үккіш зат атауы деп берілген [9]. **12. Музыкалық аспаптар (2 атау):** домбыра, гармонь. **13. Ұлттық киім атаулары (18 атау):** шапан, беппент, көйлек, шәлі, бөрік, сым, шалбар, жейде, дамбал, кебіс, байпақ, тақия, ішік, тұлып, белбеу, белдік, кимешек, шүберек. **14. Әшекей бұйымдар (7 атау):** Асыл тас, ақық, меруерт, маржан, үкі, жүзік, сақина. **15. Қолөнер бұйымдары (2 атау):** бастырма, шоқ. **16. Діни заттар (3 атау):** жайнамаз, құран кітап, тәспі.

Өлең мәтінінде «пышақ» сөзі «Жүкаяқ, шкаф, пышақ, айна, орындық, Келі, келсап, пышақаша, күрек» жолдарында қайталанып берілген. Сол сияқты «бау» атауы да «Құр, таңғыш, басқұр, арқан екі аяқ бау, Он бес бау, ішкі - сыртқы белдеу, желбау» жолдарында қайталанып кездеседі. Өлең мазмұны мен құрылымына зер салсақ, әр тармағына тоғытылған атаулар қолданыс аясына қарай жүйеленіп берілген. Қазақтың бүкіл тұрмыс-тіршілігін, шаруашылығын, кәсібін, күнделікті тұтынатын заттарын, мәдениетін, өмір сүру қалпын, бар болмысын шағын ғана өлеңнің өн бойына сыйдыру Илияс сияқты дарынды ақынның талантына бас иідреді.

Илиястың өлеңінде суреттелген қазақ үйдің ішіндегі тұрмыстық зат атаулары халқымыздың бар өмірінен хабардар етіп тұр. Киіз үйдің бар жабдығы, ішкі безендірілуі, ою-өрнек өнерінің сәндік композициялары, тіршілікте қолданылатын заттардың сол шағын ғана үй ішінде орын-орнымен, рет-ретімен орналасуы, үй ішіндегі ағаштан ойып, теріден илеп, жүннен

басып жасаған бұйымдары, жылдың төрт мезгілінің табиғи климаттық ерекшеліктерін ескере отырып үлкен талғаммен, әр тігісі мен өрнегіне мән беріп тігілген ұлттық киімі, қазақтың дархан дастарханы – ұлттық тағамы, қолданысқа өте ыңғайлы етіп табиғи өнімдерден жасалған ыдыс-аяғы, төрт түлікпен тіршілік еткен кәсібі, ұсталық және зергерлік өнері, ән өнері, дінге деген сенімі, «ер қанаты – ат» деп жылқы малын қасиет тұтқан нанымы бір өлеңнің өн бойында көрініс тапқан. Бүгінгі таңда қазақтың киіз үйі – көшпелі мәдениеттің символы, дүниеге материалдық және рухани көзқарасын танытатын, дала халқының өмір сүру нормасы. Сондықтан, рухани мәдениетті күнделікті өмірден және утилитарлық объектілерден ажырату мүмкін емес, олардың барлығы бір-бірімен байланысты және бір-бірін үйлесімді толықтырады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыландырылды (грант № AP19680053)

Қорытынды

Әдеби мәтіндердегі дүниенің тілдік бейнесінің лингвистикалық концептуализациясы лексикалық бейнелеу құралдарының алуан түрлілігімен және көптігімен сипатталады, олардың семантикалық компоненттері ұлттың тіліне, мәдениетіне, діліне, салт-дәстүріне және қонақжайлылығына қатынас белгілерін өзекті етеді. Көркем мәтінде түйінді сөздер арқылы жүзеге асырылатын мәдени концепциялар ұлттық менталитет пен дүниетанымның ерекшеліктерін көрсететін ұғымдарды, идеяларды, образдарды, басымдықтарды, стереотиптерді, сондай-ақ қазақ мәдениетіне тән әлеуметтік-мәдени қатынастар жүйелерін, салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын біріктіреді. Концептуалды сфералар этномәдени ақпараттың едәуір көлемін қамтиды және танымдық бағдарға ие, олар көркем мәтіндерде адамды және оның айналасындағы шындықты сипаттау кезінде қолданылады. І. Жансүгіровтің өлеңінде қазақ халқының ұлттық ерекшелігі мен мәдени-тарихи ерекшеліктерін ашып көрсететін мәдени концепциялар берілген. Демек, көркем мәтін – халықтың тарихын, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, менталитетін көрсететін лингвомәдени құбылыс.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 Сейдімбек, А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Оқу құралы [Мәтін]. – Алматы : Санат. – 1997. – 464 б.

2 Тер-Минасова, С. Тіл және мәдениетаралық коммуникация [Текст]. – Алматы : «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. – 2008. – 264 б.

3 **Жанпейісов, Е.** Қазақ ескіліктері [Мәтін]. – Алматы : «Қазақ тілі» баспасы. – 2018. – 352 б.

4 **Ахметьянов, Р. Г.** Общая лексика материальной культуры народов Среднего Поволжья [Текст]. – М. : Наука. – 1988. – 220 с.

5 **Хаммерсли, М., Аткинсон, П.** Этнография : зерттеу принциптері [Мәтін]. – Алматы : «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. – 2020. – 400 б.

6 **Floersch, J., Longhofer, J., Suskewicz, J.** The use of ethnography in social work research [Text] // Qualitative Social Work – 2014. – Vol 13. – P. 3–7.

7 **Кажигалиева, Г. А.** Культурологический аспект в работе над художественным текстом [Текст]. – Алматы : Айкос. – 2000. – 249 с.

8 **Әбдуәли, Қ.** Қазақ қандай халық? [Мәтін]. – Алматы : Дайк-Пресс. – 2008. – 652 б.

9 **Жансүгіров, І.** Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін]. – Алматы : «Қазығұрт» баспасы. – 2004. Бірінші том : Өлендер. – 432 б.

10 **Исаева, Г.** Дөдеге, туырлыққас, қызыл басқұр... [Мәтін] // Ана тілі. – 2015, 04 маусым. – 12 б. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/31049>

11 **Шойбеков, Р.** Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі [Мәтін]. – Алматы : Ғылым. – 1991. – 88 б.

12 **Мұқанов, С.** Қазақ қауымы (Тарихтық және этнографиялық шолу) [Мәтін]. – Алматы : Ана тілі. – 1995. – 304 б.

References

1 **Sejdimbek, A.** Qazaq әlemi. Etnomädeni pajymdau. Oqu qūraly [Kazakh world. Ethnocultural perception. A study guide]. – Almaty : Sanat, 1997. – 464 p.

2 **Ter-Minasova, S.** Til zhāne mädenietaralyq kommunikaciya [Language and intercultural communication]. Almaty : «Ülttyq audarma byurosy» qoғamdyq qory, 2008. – 264 p.

3 **Zhanpejiso, E.** Qazaq eskilikteri [Kazakh heritage]. – Almaty : «Qazaq tili» baspasy, 2018. – 352 p.

4 **Axmetyanov, R. G.** Obshhaya leksika materialnoj kultury narodov Srednego Povolzhya [The general vocabulary of the material culture of the peoples of the Middle Volga region]. – M. : Nauka, 1988. – 220 p.

5 **Floersch, J., Longhofer, J., Suskewicz, J.** The use of ethnography in social work research // Qualitative Social Work – 2014. – Vol 13. – P. 3–7.

6 **Hammersli, M., Atkinson, P.** Etnografiya : zertteu principteri [Ethnography: research principles]. – Almaty : «Ülttyq audarma byurosy» qoғamdyq qory, 2020. – 400 p.

7 **Kazhigalieva, G. A.** Kulturologicheskij aspekt v rabote nad xudozhestvennym tekstem [The cultural aspect in the work on a literary text]. – Almaty : Ajkos, 2000. – 249 p.

8 **Qajdar, Ä.** Qazaq qandaj xalyq? [What are the Kazakh people?] – Almaty : Dajk-Press, 2008. – 652 p.

9 **Zhansygirov, I.** Kóp tomdyq shyǵarmalar zhinaǵy [A multi-volume collection of works]. – Almaty : «Qazyǵürt» baspasy, 2004. Birinshi tom : Óleñder. – 432 p.

10 **Isaeva, G.** Dódege, tuyrlyqqas, qyzyl basqūr... [Dodege, tuyrlyk, red bascur] // Ana tili. – 2015, 04 mausym. – 12 p.

<https://anatili.kazgazeta.kz/news/31049>

11 **Shojbekov, R.** Qazaq zengerlik óneriniñ sózdigi [Dictionary of Kazakh jewelry art]. – Almaty : Ğyym, 1991. – 88 p.

12 **Mūqanov, S.** Qazaq qauymy (Tarixtyq zhāne etnografiyalyq sholu) [The Kazakh community (historical and ethnographic review)]. – Almaty : Ana tili, 1995. – 304 p.

18.07.24 ж. баспаға түсті.

30.07.24 ж. түзетулерімен түсті.

26.08.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*М. Т. Джакыпбекова¹, Ш. А. Кыяхметова², Р. О. Асыллова³

^{1,2,3}Жетысуский университет имени И. Жансугурова,

Республика Казахстан, г. Талдыкорган.

Поступило в редакцию 18.07.24.

Поступило с исправлениями 30.07.24.

Принято в печать 26.08.24.

ЭТНОГРАФИЗМЫ В СТИХОТВОРЕНИИ И. ЖАНСУГУРОВА «УТВАРЬ КАЗАХСКОЙ ЮРТЫ»

В статье систематизированы и обобщены этнографизмы в стихотворении И. Жансугурова «Утварь казахской юрты», приведены количественные данные этнографических названий в тексте стихотворения, впервые этнографизмы тематически сгруппированы и проанализированы с точки зрения особенностей национальной культуры. Выявлена национально-культурная составляющая этнографизмов, применяемых в казахской жизни. В статье получены имена, представляющие объекты или явления материальной и духовной жизни народа, отражающие национальное, историческое

и временное бытие, имеющие ярко выраженное коннотативное значение, не имеющие языкового эквивалента. В стихотворении было выявлено использование поэтом 176 этнокультурных наименований для описания быта, бытия народа, его традиций и убеждений, мировоззренческих особенностей и системы ценностей, проанализировано языковое мастерство и этнокультурное мышление поэта, эффективно приуроченное к ритму, рифме стихотворения. Тематическая группировка этнографизмов в стихотворении И. Жансугурова позволяет показать динамику развития жанра в контексте художественной этнографии и национального этноментализма. Этнопоэтическое изучение произведений Ильаса Жансугурова определяет его значение в возрождении социальной, материальной, духовной, этической и эстетической культуры народа, а его этноменталитет, с другой стороны, дает основание рассматривать в новом контексте грань мастерства в создании литературно-художественного текста на основе художественной этнографии.

Ключевые слова: юрта, этнокультурное название, этнографизм, этнографическая лексика, культура.

*М. Jakyrbekova¹, Sh. Kiyakhmetova², R. Assylova³

^{1,2,3}I. Zhansugurov Zhetysu University,
Republic of Kazakhstan, Taldykorgan.

Received 18.07.24.

Received in revised form 30.07.24.

Accepted for publication 26.08.24.

ETHNOGRAPHY IN THE POEM «IMPLEMENTS OF KAZAKH YURT» BY I. ZHANSUGUROV

The article systematizes and summarizes ethnographisms in I. Zhansugurov's poem «Implements of kazakh yurt», provides quantitative data on ethnographic names in the text of the poem, for the first time ethnographisms are thematically grouped and analyzed from the point of view of the peculiarities of national culture. The national and cultural component of ethnographisms used in Kazakh life is revealed. The article contains names representing objects or phenomena of the material and spiritual life of the people, reflecting national, historical and temporal existence, having a pronounced connotative meaning, having no linguistic equivalent. The poem revealed the poet's use of 176 ethnocultural names

to describe the way of life, the existence of the people, their traditions and beliefs, worldview features and value systems, analyzed the poet's linguistic skills and ethnocultural thinking, effectively timed to the rhythm, rhyme of the poem. The thematic grouping of ethnographisms in I. Zhansugurov's poem allows us to show the dynamics of the genre's development in the context of artistic ethnography and national ethnomentalism. The ethnopoetic study of the works of Ilyas Zhansugurov determines his importance in the revival of the social, material, spiritual, ethical and aesthetic culture of the people, and his ethnomentality, on the other hand, gives reason to consider in a new context the facet of mastery in creating a literary and artistic text based on artistic ethnography.

Keywords: yurt, ethnocultural name, ethnographism, ethnographic vocabulary, culture.

Теруге 26.08.2024 ж. жіберілді. Басуға 26.09.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

4,12 МБ RAM

Шартты баспа табағы 30,39. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Тапсырыс № 4273

Сдано в набор 26.08.2024 г. Подписано в печать 26.09.2024 г.

Электронное издание

4,12 МБ RAM

Усл. печ. л. 30,39. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4273

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz